



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісі**

2023 жылғы 12 қаңтардағы  
№ ДС-7 хатқа

Балалардың физиологиялық, психикалық денсаулығын сақтау, ата-аналардың кішкентай балалармен бірге ересектерге арналған ойын-сауық орындарында болу мәселесіне қатысты келесіні хабарлаймын.

Аталған фактілерге қарсы іс-қимыл жасау мақсатында уәкілетті мемлекеттік органдармен бірқатар жұмыстар атқаруда.

Бұл ретте, Ішкі істер министрлігі кәметке толмағандардың түнгі уақытта (таңғы 22-ден таңғы 6-ға дейін) заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз ойын-сауық орындарында болу фактілерін анықтауға бағытталған жедел-профилактикалық және рейдтік шаралар жүргізуде.

Нәтижесінде 2022 жылы 1,7 мың кәсіпкер (Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің (ӘҚБтК) 1-бабы 132-бабы) және 3 мыңға жуық ата-ана (ӘҚБтК 442-бабы 1-бөлігі) әкімшілік жауапкершілікке тартылып, аталған іс-шаралар аясында ата-аналармен және кәсіпкерлермен түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Балалар денсаулығын нығайту бойынша түсіндіру жұмыстарын күшейту мақсатында Денсаулық сақтау министрлігі бұқаралық ақпарат құралдарында 60 мыңнан астам түсіндіру іс-шараларын (бейнероликтер, жарияланымдар, ТВ-хабарлар және т.б.) ұйымдастырды.

Сондай-ақ, 2023 жылы «Түнгі мекемелер – балалар үшін емес», «Балалардың бос уақыты үшін ата-аналардың жауапкершілігі» тақырыбында бейнероликтер шығару жоспарланған.

Бұдан басқа, 2023-2029 жылдарға арналған мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту тұжырымдамасының жобасында балаларды рухани-адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу шаралары көзделген.

Сонымен қатар, «Түнгі қаладағы балалар» акциясы аясында 2000-нан астам рейдтік іс-шаралар өткізілетін болады, әсіресе темекі өнімдерін пайдалануға тыйым салынған, түнгі ойын сауық орындары тексеріледі. Нәтижелері бойынша шаралар қолданылады.

Балалардың қауіпсіздігіне, олардың жағдайларына жүйелі мониторинг жүргізу, проблемаларды уақтылы анықтау үшін балалардың әл-ауқатының Индексі қабылданды. Индексте 56 индикатор 4 бағыттан тұрады, оның ішінде «Дені сау бала» бағыты бойынша 13 индикатор қарастырылған. Индекс

балалардың денсаулығын сақтау саласындағы шараларды іске асыруды тежейтін факторларды анықтауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар балалардың денсаулығын сақтау, балалардың ересектерге арналған көңіл көтеру орындарында болуға шектеу қою жөнінде ата-аналармен ақпараттық-түсіндіру жұмысын жандандыруға қатысты мемлекеттік органдарға тиісті ұсынымдар берілді (*Оқу-ағарту министрлігінің 2023 ж. 1.02. №15-6/570-ІІ хаты*).

Балалардың салауатты өмір сүруі және даму ортасын қалыптастыру, құқықтарын қорғау бойынша жұмыс жалғасуда және Үкіметтің үнемі бақылауында.

**А. Көлгінов**

*Жанысова М.К.,  
745114*